Жаңа ғасыр алдында шыққан әдебиеттер

4 қаңтар. 2000 жыл.

Облыстық С.Торайғыров атындағы кітапхана қоры жаңа ғасыр тоғысында жаңа әдебиеттермен толықтырылды. «Ғылым», «Санат», «Жалын», «Жеті жарғы», «Қазақстан», «Білім», «Жазушы» баспаларынан шыққан Қазақстан тарихы жайлы әдебиеттерді іздесеңіз бізге келіңіз. Бұлардың ішінде ең ірісі, көп томдық төл энциклопедиямыздың бірінші томын айтуға болады. Ұлттық энциклопедия елдің өткен тарихына, мәдениетіне, экономикасына, табиғатына қатысты деректер, жаңа көзқарастар мен ғылыми ізденістер негізінде мүлде қайта жүйеленген. Қазақ хандығына қатысты деректер, елдік, мемлекеттік дәстүрлеріміздің терең тамырлары бар екендігін ашуға ерекше мән берілген. Қазақ халқының жан-жақтан анталаған басқыншылардан атажұртын бірнеше ғасыр бойы арпалыса қорғаған күресінің тарихы, белгілі шайқастар, әскери жиындар, елшіліктер т.б.саяси оқиғалар түгел қамтылған. Энциклопедияға 40 мыңдай мақала, сурет, карта енген. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

«Ғылым» баспасынан жарық көрген Әбдеш Қалмырзаевтың «Біз, қазақ, ежелден еркіндік аңсаған» деген кітабында Қазақстанның егеменді ел болуы, оның мемлекеттігінің қалыптасуы, тәуелсіздігін нығайту жолындағы қадамдары жайлы жазылған. Философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Қалмырзаев Отанға шексіз берілгендікті, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жайы, жалпыұлттық мақтаныш сезімін қастерлеуді дәріптеп уағыздайтын өзіндік ой-толғамдары көрініс тапқан. Кітап зиялы қауымға, студенттерге мемлекеттік қызметшілерге, еліміздің саяси және рухани өмірін жіті қадағалап отырған көпшілік оқырмандарға арналған.

«Қазақстан» баспасынан шыққан белгілі жазушы-ғалым Сапар Байжан -Атаның «Өткеннен мұрағат -өркенге ұлағат» атты бұл жаңа кітабы туған өлкеміздің арғы-бергі тарихындағы келелі кезеңдер мен құбылыстар, ерен де еңселі тұлғалардың басынан кешкен тағдырлары жайлы сыр толғайды. Кітапта халқымыздың даңғайыр ұлдары Жамбыл Жабаев, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Бауыржан Момышұлы, Зейін Шашкин, Нұртас Оңдасынов, Ермұхан Бекмаханов жайлы мағыналы деректер бар.

Кітап қалың оқырманға, туған еліме тұғыр болсам деп армандайтын өршіл, талапшыл жастарға, әдебиетшілерге, студенттерге арналған. «Жалын» баспасынан жарық көрген Н.Мұқаметқанұлы «Тарихи зерттеулер: шежірелік деректер». Бұл кітап қалың оқырманды Қытайда шыққан мол шежірелік мұрамен жай ғана таныстырып қоймай, халқымыздың тарихы, мәдениеті мен өнеріне қатысты деректерге терең үңілуге жетелейді. Кітапты дайындаған -қытай, парсы тілінің маманы А.Қожабеков. «Жеті жарғы» баспасынан шыққан Сәкен Өзбекұлы «Арыстары алаштың» тарихи очерктер.

Бұл авторлың кітабы Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөз беттерінен жиырма жыл бойы жинаған материалдар негізінде жазылған. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында ғұмыр кешкен бірақ кезіндегі саяси күғын-сүргіннің зардабынан есімдері саналы түрде «ескерілмей» келген халық қайраткерлерінің ұлт болашағы үшін атқарған қыруар қызметтерін, олардың қоғамдық-саяси, құқықтық көзқарастарын сол заманның көкейтесті мәселелерімен ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күннің тыныс-тіршілік, талаптарымен де ұштастыра білген.

Ел тарихын кеңестік кезеңде тыйым салынған жаңа қырынан зерделей отырып, Алаштың ардақты ұлдарының азаматтық тұлғаларын шынайы, өз болмысында сомдап танытуды мақсат тұтқан.

Кітап Қазақстан елінің қым-қиғаш күрделі тарихынан хабардар болғысы келер қалың оқырмандарға арналған.

«Қазақстан» баспасынан жарық көрген Қазақстан баспа ісінің көрнекті қайраткері, белгілі журналист, аудармашы М.Мамахановтың «Еңбек еттім ел үшін» кітабы. Автордың жылдар бойы жинап-терген ой жемістері, ізденіс іздері, артында қалдырған аяулы мұрасы. Мұнда танымдық маңызы зор, оқырманын білмекке құштарлыққа, еңбексүйгіштікке, ұлттық намыс пен имандылық, адалдыққа шақырар ұлағатты ойлар мол. Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

«Жазушы» баспасынан шыққан ақын Әбу Сәрсенбаевтың «Ғасыр мен ғасыр беттессе» кітабы.

Көпті көрген көнекөз ақын сексеннің сеңгірінде де сергек толған, жиырмасыншы ғасырдың ұлы оқиғаларын ой елегінен өткізіп, сол сапырылысқан жылдардың халқымызға не жақсылық, не жамандық әкелгенін ақыл таразысына тартады. Сондай-ақ кітаптың «Табиғат ата -тәңірім» бөлімінде ақ тілеулі ақын жаны Арал қасіретіне араша түссе, «Батырлық шежіресі» бөлімі Бауыржан, Абдолла. Жұмағали Саин сынды майдан қаһармандарының ерлік өміріне арналған.

Н.ШАЙКЕНОВА,
облыстық кітапхана қызметкері

Шайкенова Н. Жаңа ғасыр алдында шыққан әдебиеттер // Сарыарқа самалы. - 2000. - 4 қаңтар. - №1(13098). - 7б.